

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән
Педагогика және психология негіздері
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Келешекте орындалатын істің ойда бекуі

- A) түрткі
- B) тоқтамға келу
- C) шешім
- D) қалау
- E) тілек

2. Бұрқ етіп қатты көрінетін эмоция

- A) апатия
- B) депрессия
- C) иллюзия
- D) аффект
- E) стресс

3. Дидактикалық қабілет

- A) оқушының ішкі дүниесін тани білу
- B) пән саласына сәйкестік
- C) оқушылармен қарым-қатынас жасай алу
- D) тіл арқылы ішкі сезімін білдіру
- E) міндеттерді шешудің тиімді жолын табу

4. Психология ғылымының тұңғыш дүниеге келген жері

- A) Греция
- B) Қытай
- C) Италия
- D) Ресей
- E) Жапония

5. Баланың жетілуіне септігін тигізетін ұғым

- A) білім беру
- B) қалыптастыру
- C) дамыту
- D) оқыту
- E) тәрбиелеу

6. Жасөспірімдік кезеңге тән негізгі морфофункционалдық өзгеру

- A) жыныстық жетілу
- B) рухани жетілу
- C) дене бітімінің жетілуі
- D) қабілеттің дамуы
- E) тұлғалық даму

7. Мидың сол жақ бөлігі зақымданып, адамның сөйлей алмау жағдайына душар болатын құбылыс

- A) афазия
- B) гипербола
- C) синезтезия
- D) апперцепция
- E) адаптация

8. Заттардың көзге түспейтін ерекшеліктерін байқап алу

- A) байқағыштық
- B) елестету
- C) апперцепция
- D) иллюзия
- E) депрессия

9. Жеке тұлғаның қарапайымдылық, сынға алу, эгоистік белгілері жеке тұлғаның _____ қатынасын сипаттайды

- A) өз-өзіне
- B) іс-әрекетке
- C) қоғам алдында
- D) әлеуметтік ортаға
- E) адамдарға

10. Сезім мүшелерінің әсер етуші тітіркендіргіштерге біртіндеп бейімделу құбылысы

- A) адаптация
- B) сенсбилизация
- C) синестезия
- D) кинестезиялық түйсіктер
- E) апперцепция

11. Баланың іс-әрекетін мақсатты ұйымдастыру жағдайында жеке адамның дамуын зерттейтін тарау

- A) психологиядағы тұлға мәселесі
- B) іс-әрекеттің психологиялық теориясы
- C) тұлға қасиеттері
- D) мінез психологиясы
- E) жас ерекшелік психологиясы

12. Адамды мақсатты, жүйелі зерттеудің эмпирикалық әдісі

- A) бақылау
- B) әңгімелесу
- C) сауалнама
- D) жинақтау
- E) тестілеу

13. Педагог пен оқушының өзара арақатынас мәселелерін зерттейді

- A) педагогикалық психология
- B) оқыту психологиясы
- C) эксперименталды психология
- D) медициналық психология
- E) практикалық психология

14. Алғаш рет ойлау процесіне тәжірибе жүргізген психолог

- A) А.Бине
- B) В.Вундт
- C) Ч.Спирмен
- D) З.Фрейд
- E) Ж.Аймауытов

15. Көру қабілеті нашар дамыған балалармен оқытуды ұйымдастыратын педагогиканың саласы

- A) тифлопедагогика
- B) арнайы педагогика
- C) логопедия
- D) дефектология
- E) сурдопедагогика

16. Баланың жас және дара ерекшеліктерін анықтаған

- A) Ж.Руссо, А.Дистерверг
- B) В.А.Сластенин
- C) Н.В.Кузьмина, В.А.Сластенин
- D) Н.Д.Хмель, К.Д.Ушинский
- E) А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов

17. Конструктивті қабілет дегеніміз

- A) оқу және тәрбие міндеттерін шешудің тиімді жолдарын іздестіру
- B) тіл арқылы өз ойын айту
- C) оқушылармен қалыпты дұрыс қарым-қатынас жасау
- D) сабақты тиімді қабылдауға оқушыларды әзірлеу
- E) кәсіби әдептілік сақтау

18. Мұғалімнің оқушыға оқу материалын жеткізу қабілеті

- A) дидактикалық
- B) академиялық
- C) перцептивті
- D) ұйымдастырушылық
- E) коммуникативтік

19. Бала психикасы дамуының қозғаушы күші

- A) Білім, іскерлік және дағдылар
- B) Мотивациялық-қажеттіліктер
- C) Операциялық техникалық мүмкіндіктер
- D) Жаңарыстардың пайда болуы
- E) Тұқымқуалаушылық

20. Педагогикалық психология_____ зерттейді

- A) оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық негіздерін
- B) адамның мінез-құлқы мен психикасының тұқым қуалаушылық механизмдерін
- C) адамның түрлі өмір сүру кезеңдегі даму ерекшеліктерін
- D) адамдардың мінез-құлықтық және психологиялық айырмашылықтарын
- E) адамдармен өзара әрекетте және қарым-қатынаста пайда болатын құбылыстарды

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.

2-БЛОК: Арнайы пән
География
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Жүзім өсіру ерекше дамыған

- A) Жерорта жағалауы елдерінде
- B) Солтүстік Еуропада
- C) Латын Америкасында
- D) Шығыс Азия елдерінде
- E) Аустралияда

2. Қазақстанда соңғы жалпы халық санағы өтілді

- A) 2000 ж.
- B) 2009 ж.
- C) 2005 ж.
- D) 2010 ж.
- E) 2012 ж.

3. Еуропадағы монархиялық елдердің саны

- A) 9
- B) 12
- C) 13
- D) 15
- E) 16

4. Германияның «автомобиль астанасы»

- A) Берлин
- B) Вольфсбург
- C) Мюнхен
- D) Дортмунд
- E) Франкфурт

5. Түсті металлургияда өндірілуі жағынан жетекші орын алады

- A) Мыс
- B) Мырыш
- C) Қорғасын
- D) Қалайы
- E) Алюминий

6. Еуропада халық саны бойынша 1-орын алады

- A) Германия
- B) Франция
- C) Ұлыбритания
- D) Италия
- E) Испания

7. Мұнай өндіруде алғашқы үштік елдер

- A) Қытай, Иран, Ирак,
- B) Ресей, Қазақстан, Әзірбайжан
- C) Сауд Арабиясы, Ресей, АҚШ
- D) АҚШ, Мексика, Ливия
- E) Норвегия, Нигерия, Кувейт

8. «Білім-ғылым-өндіріс» жүйесі жоғары дәрежеде қалыптасқан ел

- A) Италия
- B) АҚШ
- C) Ресей
- D) Үндістан
- E) Жапония

9. Еуропа халқының саны

- A) 500 млн. астам
- B) 600 млн. жуық
- C) 700 млн. астам
- D) 900 млн. астам
- E) 1 млрд. жуық

10. Қазіргі уақыттағы Азия халқы дүние жүзі халқының пайызын құрайды

- A) 30%
- B) 40%
- C) 50%
- D) 60%
- E) 70%

11. Ғаламдық экологиялық проблемалардың аса маңыздысына жатады

- A) Ормандар алқабының азаюы
- B) Озон қабатының жұқаруы
- C) Шөлді аймақтардың ұлғаюы
- D) Табиғи ортаның ластануы
- E) Топырақ құнарлылығының кемуі

12. Дүниежүзілік мұхит суларының ластануының ең басты себептері

- A) Теңіз кемелерінің пайдаланған лас судың толық тазартылмауы
- B) Ауыл шаруашылығына пайдаланылып, химиялық заттармен ластанған сулар
- C) Теңіз қайраңдарынан мұнай өндіру және мұнай тасымалдау
- D) Жағалаулардағы демалыс орындарынан шығатын қалдықтар
- E) Өнеркәсіпте пайдаланған лас судың толық тазартылмауы

13. Алюминий өндірісінің алғашқы сатысы

- A) Металды прокаттау
- B) Алюминий тотығын алу
- C) Электролиз арқылы металды бөліп алу
- D) Боксит өндіру
- E) Полиметал кенін өндіру

14. АҚШ-тың халық тығыз қоныстанған аумақтары

- A) Ұлы Көлдер маңы
- B) Тынық мұхиты жағалауы
- C) Аляска маңы
- D) Таулы аудандар
- E) Ұлы жазықтар

15. Туу және өлім көрсеткіштері жоғары аумақ

- A) Африка
- B) Шығыс Азия
- C) Солтүстік Америка
- D) Шығыс Еуропа
- E) ТМД елдері

16. АҚШ-тың ең ірі көлік торабы

- A) Нью-Йорк
- B) Чикаго
- C) Филадельфия
- D) Детройт
- E) Сан-Франциско

17. Ұлыбританияның кеме жасау орталығы

- A) Лондон
- B) Манчестер
- C) Бирмингем
- D) Глазго
- E) Ливерпуль

18. Қазіргі әлемдегі халықтың жастық құрамындағы 15-59 жастағылардың үлесі

- A) 20%
- B) 30%
- C) 40%
- D) 60%
- E) 80%

19. Қазіргі уақыттағы Африкадағы елдердің саны

- A) 45-тен астам
- B) 56-дан астам
- C) 65-тен астам
- D) 68-ден астам
- E) 70-тен астам

20. Әйгілі «Роллс-ройс» автомобиль зауыты орналасқан ел

- A) Ұлыбритания
- B) Италия
- C) Швеция
- D) Чехия
- E) Испания

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

21. Аустралия Одағының ең ірі қалалары

- A) Сидней
- B) Хобарт
- C) Перт
- D) Аделаида
- E) Канберра
- F) Мелбурн
- G) Брисбен

22. Иммигранттарды «кабылдаушы» басты аймақтар мен елдер

- A) Шығыс Еуропа
- B) АҚШ
- C) Қытай
- D) Латын Америкасы
- E) Батыс Еуропа
- F) ТМД елдері
- G) Оңтүстік Азия

23. Шығыс Еуропа елдеріне жатады

- A) Швеция
- B) Польша
- C) Чехия
- D) Аустрия
- E) Норвегия
- F) Венгрия
- G) Португалия
- H) Бельгия

24. Қытаймен солтүстік-батысында шекараласатын елдер

- A) Қазақстан
- B) Моңғолия
- C) Үндістан
- D) Солтүстік Корея
- E) Қырғызстан
- F) Непал
- G) Вьетнам

25. Ислам діні кең таралған негізгі аймақтар

- A) Орталық және Шығыс Азия
- B) Оңтүстік Азия
- C) Оңтүстік-Батыс Азия
- D) Оңтүстік Африка
- E) Солтүстік Африка
- F) Батыс Еуропа
- G) Аустралия

26. Азияда орналасқан әлемнің ең биік тау жүйелері

- A) Анд
- B) Гималай
- C) Памир
- D) Кордильера
- E) Үлкен Суайырық жотасы
- F) Альпі
- G) Атлас таулары
- H) Тянь-шань

27. Дәнді дақылдар жинауда көшбасшы елдер

- A) Индонезия
- B) Қытай
- C) АҚШ
- D) Үндістан
- E) Аргентина
- F) Оңтүстік Африка Республикасы
- G) Бразилия
- H) Аустралия

28. Табиғи газ өндіруде көшбасшы елдер

- A) Норвегия
- B) Ұлыбритания
- C) Ресей
- D) АҚШ
- E) Сауд Арабиясы
- F) Канада
- G) Қытай
- H) Қазақстан

29. Азот тыңайтқыштарын өндіруде көшбасшы елдер

- A) Қытай
- B) Индонезия
- C) Марокко
- D) Германия
- E) АҚШ
- F) Польша
- G) Үндістан
- H) Корея Республикасы

30. Әлемдегі басты көмір импорттаушылар

- A) Аустралия
- B) Қытай
- C) Канада
- D) Батыс Еуропа
- E) Ресей
- F) Шығыс Еуропа
- G) Жапония

Жағдаяттық тапсырмалар
1-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Экспо 2017

2017 жылдың 10 маусым және 10 қыркүйек аралығында Қазақстан елордасы Астана қаласында Халықаралық көрмелер бюросымен (ХКБ) ұйымдастырылатын Халықаралық ЕХРО 2017 көрмесі өтеді. Ұйымдастырушылармен таңдалған тақырып «**Болашақтың энергиясы**» тақырыбы ең үздік әлемдік энергия сақтау технологиясын, күн, жел, теңіз, мұхит және термалды су тәрізді бүгінде бар баламалы энергия көздерін пайдалануда жаңа әзірлемелер мен технологияны пайдалануға мүмкіндік береді. Астана осы саладағы ең үздік әлемдік әзірлемелер мен трендтер көрсету үшін тиімді алаңға айналуы мүмкін. Көрме сондай-ақ елдің өндірістік қуаты мен ғылыми базасын технологиялық жаңғырту және экономиканы жүйелі әртараптандыру үшін қуатты серпін береді. Көрме елорданың көрмелер объектілері құрылысы мен инфрақұрылымына едәуір жеке меншік инвестицияны тартуға мүмкіндік туғызады. ЕХРО көрмесін өткізу кезінде Қазақстан астанасы әлемнің түкпір-түкпірінен келген түрлі мәдениеттер үніне толады. Көрменің аумағында күн сайын концерттер, шоу, ұлттық күндер және өзге де ойын-сауық іс-шаралары өтетін болады.

Бұл көрме бүкіл әлемдік қоғамдастықтың және оны тамашалаушы миллиондаған адамның назарын өзіне аударатын ірі оқиға болып саналады. Сонымен қатар, «ЕХРО» көрмесі экономикалық, әлеуметтік, мәдени дамудың жаңа үрдістерін қалыптастыру алаңы қызметін атқарады.

31. Сарқылатын энергия көзіне жатады
- A) Жел энергиясы
 - B) Күн энергиясы
 - C) Құлап аққан су энергиясы
 - D) Мұхит ағыстарының энергиясы
 - E) Минералды энергетикалық ресурстар

32. «Жасыл энергетика» түрлеріне жатпайды
- A) Жел энергиясы
 - B) Күн энергиясы
 - C) Жерасты жылуы энергиясы
 - D) Мұхит ағыстарының энергиясы
 - E) Дәстүрлі отын көздері энергиясы

33. Қазақстандағы жел қуатын пайдаланатын электр станциясы қондырғыларын салуға ең тиімді аймақ

- A) Торғай қолаты
- B) Каспий маңы ойпаты
- C) Жем үстірті
- D) Үстірт
- E) Жоңғар қақпасы

34. Астана қаласы орналасқан Қазақстанның физикалық географиялық аумағы

- A) Тұран жазығы
- B) Солтүстік Қазақ жазығы
- C) Торғай үстірті
- D) Сарыарқа
- E) Жалпы Сырт қыраты

35. ЕХРО халықаралық көрмесі болашақта еліміздегі шаруашылықтың қандай саласын дамытуға серпін береді

- A) Отын-энергетика кешенін
- B) Туризмді
- C) Машина жасауды
- D) Ауыл шаруашылығын
- E) Химия өнеркәсібін

2-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Аустралия Одағы

Аустралия аборигендері аңшылықпен айналысып, жеуге жарамды өсімдіктерді жинаумен күнелткен. Әсіресе аңшылық кәсіпті өте жақсы меңгерген. Олар әртүрлі найзалар мен лақтырғыш құралдарды тиімді пайдаланған. Әсіресе олар ойлап тапқан аңшылық қаруы - бумеранг өте ерекше, лақтырғанда нысанаға дәл тимей қалса аңшының қолына қайтып келеді. Аңшылық ұзақ қашықтықта тоқтаусыз жүруді, аңның жолын торуылдауды қажет ететіндіктен, аңшылар біртіндеп 20-30 адамнан тұратын шағын топтарға біріге бастады. Мұндай топтар үшін ауданы 500 км²-ден кем емес аңшылыққа қажетті аумақтар қажет болды. Бұл жағдай ежелгі аустралиялықтарды көшпелі тіршілік етуге бейімдеді. Олар топтанып жүріп, ағаштардың қуысы мен қарапайым күркелерді мекендеді. Азық ретінде көбінесе жеуге жарамды өсімдіктердің жемістері мен тамырларын, сондай-ақ кейбір жәндіктер мен олардың жұмыртқаларын да пайдаланды.

36. Аустралияға сәйкес келетін дұрыс тұжырым

- A) Ең аласа материк
- B) Ең ылғалды материк
- C) Ең биік материк
- D) Ең ыстық материк
- E) Ең үлкен материк

37. Аустралияға қоныс аударған ағылшындар жергілікті аборигендерді қай аймақтарға ығыстырды

- A) Муррей өзені аңғарына
- B) Таулы аймақтарға
- C) Мұхит жағалауларына
- D) Қолайлы шығыс бөлігіне
- E) Ішкі құрғақ аймақтарға

38. Аустралияның қазіргі халқының басым бөлігін құрайтын ұлт еуропалықтардың 97%-ын құрайды

- A) Испандықтар
- B) Ағылшындар
- C) Азиялықтар
- D) Қытайлықтар
- E) Моңғолдар

39. Аустралияның байырғы халқы аборигендердің қазіргі уақыттағы халқының жалпы санындағы үлесі

- A) 1%
- B) 3%
- C) 5%
- D) 7%
- E) 10%

40. Аустралия Одағының астанасы

- A) Мельбурн
- B) Сидней
- C) Канберра
- D) Дарвин
- E) Брисбен

2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.